

FTAMP 10.15.37
ӘОЖ 342.8:328(574)
JEL K16, D72

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-3-50-61>

ТӨЛЕГЕНОВА Д.Қ.,*¹

докторант.

*e-mail: dinara.tolegenova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-8231-4026

АЖИНУРИНА Д.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: Dinara_1576@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5122-3689

ИБРАЕВ Ж.Г.,¹

PhD, аға оқытушы.

e-mail: zhandosibrayev.law@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-5445-9069

АБДЕЛРАХМАН Қ.С. ЯИШ,³

PhD, постдокторант.

e-mail: abdrhman.yaish92@gmail.com

ORCID ID: 0009-0003-2806-5666

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық

зерттеу университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Стамбул Медениет университеті,

Стамбул қ., Түркия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа

Мақалада 2026 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде қалыптасқан Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарын сайлаудың құқықтық негіздері талданады. Зерттеудің мақсаты – Конституция, Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы конституциялық заң мен сайлау заңнамасының өзара байланысын айқындау, сондай-ақ пропорционалды сайлау моделінің саяси өкілдік пен депутаттық есептілікке ықпалын бағалау. Зерттеу барысында формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және институционалды әдістер қолданылды. Құрылтайдың 145 депутаты біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатыны және қолданыстағы модельді бірмандатты құрамдаспен толықтыру Конституцияға өзгерістер енгізуді қажет ететіні негізделді. Құқықтық реттеудің негізгі мәселелері ретінде партиялық тізімдерді қалыптастыру рәсімдерінің жеткіліксіз ашықтығы, сайлаушылардың нақты кандидаттарды таңдауға ықпалының шектеулілігі және депутаттардың өңірлермен тұрақты байланысының әлсіз регламенттелуі анықталды. Партияішілік іріктеу рәсімдерін жария ету, тізімдердің өңірлік теңгерімін қамтамасыз ету, депутаттардың жыл сайынғы есептілігін және цифрлық кері байланыс тетіктерін құқықтық тұрғыдан бекіту ұсынылады. Бірмандатты компонентті енгізу тең сайлау округтері, тәуелсіз делимитация, қаржыландырудың ашықтығы және тиімді сот бақылауы қамтамасыз етілген жағдайда жүзеге асырылатын ұзақ мерзімді конституциялық реформа ретінде қарастырылады.

Тірек сөздер: Құрылтай, депутат, сайлау жүйесі, бірмандатты округ, партиялық тізім, пропорционалды өкілдік, парламенттік реформа.

Кіріспе

2026 жылғы конституциялық реформа Қазақстан Республикасындағы заң шығарушы биліктің институционалды құрылымын елеулі түрде өзгертті. Жаңа Конституцияда бұрынғы

қос палаталы Парламенттің орнына заң шығару өкілеттігін жүзеге асыратын бір палаталы жоғары өкілді орган – Құрылтай құрылды [1]. Құрылтайдың конституциялық-құқықтық мәртебесі, қызметін ұйымдастыру қағидаттары және депутаттарының құқықтық жағдайы арнайы конституциялық заңда нақтыланды [2]. Ал оның депутаттарын сайлаудың тәртібі мен негізгі рәсімдері жаңартылған сайлау заңнамасының нормаларымен реттеліп [3, 4], сайлауды тағайындау және сайлау науқанын ұйымдастыру тәртібі тиісті нормативтік актілер мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми материалдарында нақтыланды [5, 6]. Аталған нормативтік өзгерістер Құрылтай депутаттарын сайлау және депутаттық корпусы қалыптастыру тәртібін конституциялық құқық ғылымы шеңберінде дербес әрі кешенді зерттеуді қажет ететін өзекті мәселеге айналдырды.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі Құрылтайдың бір палаталы құрылымға негізделуімен айқындалады. Бұрын саяси және аумақтық өкілдік Парламент палаталарын қалыптастырудың әртүрлі тетіктері арқылы қамтамасыз етілсе, жаңа институционалдық модельде бұл міндет біртұтас сайлау жүйесіне жүктеледі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Құрылтайдың 145 депутаты жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайланады. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып белгіленген [1–3]. Сайлау құқығының теңдігі, сайлау рәсімдерінің ашықтығы, кандидаттарға тең мүмкіндіктердің берілуі және құқықтарды қорғаудың тиімді тетіктері халықаралық сайлау стандарттарында демократиялық сайлау процесінің негізгі талаптары ретінде танылады [7–10]. Сайлау жүйесінің құрылымы саяси өкілдіктің сипатына, партиялар арасындағы бәсекеге және сайланған өкілдердің сайлаушылармен байланысына тікелей әсер етеді [11, 12]. Сондықтан партиялық тізімдерді қалыптастыру қағидаттары, кандидаттарды іріктеу рәсімдерінің ашықтығы және сайланған депутаттардың кейінгі есептілігі өкілді органның саяси-құқықтық легитимділігін қамтамасыз ететін шешуші факторлар болып табылады.

Ғылыми әдебиетте пропорционалды және мажоритарлық сайлау жүйелерінің өкілдік сапасына ықпалы жөнінде бірқатар ғылыми ұстаным қалыптасқан. А. Лейпхарт пропорционалды өкілдіктің басты артықшылығын сайлаушылар дауыстары мен парламенттік мандаттар арасындағы арақатынасты барынша дәл бейнелеуінен, сондай-ақ өкілді органда саяси мүдделердің кең ауқымын қамтуға мүмкіндік беруінен көреді [13]. А. Рейнольдс, Б. Рейли және А. Эллис пропорционалды модельдің партиялық бағдарламалар арасындағы бәсекені дамытуға қолайлы жағдай жасайтынын көрсете отырып, кез келген сайлау жүйесінің тиімділігі нақты саяси және институционалдық ортаға тәуелді екенін атап өтеді [11]. П. Норрис те сайлау ережелерінің өкілдік сипатына, партиялық бәсекеге және саяси жауапкершілікке ықпалы әркелкі болатынын негіздейді [12]. Дегенмен пропорционалды жүйеде, әсіресе жабық партиялық тізімдер қолданылған кезде, сайлаушылардың жекелеген кандидаттардың сайлануына ықпал ету мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Мажоритарлық модельді қолдайтын негізгі дәлел, керісінше, депутат пен белгілі бір аумақ тұрғындары арасында тікелей байланыстың қалыптасуына негізделеді. Алайда М. Шугарт пен М. Уоттенбергтің зерттеулері аумақтық өкілдіктің күшеюі пропорционалдық деңгейінің төмендеуімен қатар жүруі мүмкін екенін көрсетеді. Авторлардың пікірінше, аталған екі қағидатты ұштастыру қажеттілігі аралас сайлау жүйелерінің енгізілуіне түрткі болған негізгі себептердің бірі саналады [14]. Сондықтан пропорционалды және бірмандатты модельдерді бірінің екіншісінен абсолютті артықшылығы тұрғысынан емес, саяси өкілдік, сайлаушының кандидатқа ықпал ету мүмкіндігі және депутаттық есептілік арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету қабілеті бойынша салыстырған орынды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарын сайлаудың конституциялық-құқықтық негіздеріне жүйелі талдау жүргізу және саяси өкілдікті, сайлау рәсімдерінің ашықтығын әрі депутаттық есептілікті арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қолданыстағы конституциялық модель шеңберінде жүзеге асырылуы мүмкін заңнамалық және регламенттік шараларды Конституцияға өзгерістер енгізуді талап ететін сайлау жүйесін реформалау бағыттарынан құқықтық реттеу деңгейі бойынша ажыратумен сипатталады. Зерттеу гипотезасы Құрылтайдағы өкілдіктің сапасы сайлау жүйесінің формальды түрімен ғана емес, партиялық тізімдерді қалыптастыру рәсімдерінің ашықтығымен, депутаттар мен қоғам арасындағы тұрақты байланыстың қам-

тамасыз етілуімен, сондай-ақ азаматтардың сайлау құқықтарын қорғау тетіктерінің тиімділігімен айқындалады деген тұжырымға негізделеді.

Материалдар және әдістер

Зерттеудің нормативтік-құқықтық негізін Қазақстан Республикасының 2026 жылғы Конституциясы [1], «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң [2], «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның жаңартылған редакциясы [3], сондай-ақ конституциялық заңнаманы жаңа Конституцияның ережелеріне сәйкестендіруге бағытталған 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Конституциялық заң [4] құрайды. Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысты құқық қолдану практикасының бастапқы кезеңін бағалау мақсатында сайлауды тағайындау туралы нормативтік акт пен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының сайлау науқанын ұйымдастыруға байланысты ресми материалдары пайдаланылды [5; 6]. Зерттеудің халықаралық-құқықтық өлшемдері Венеция комиссиясы мен ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы әзірлеген құжаттар негізінде талданды [7–10].

Формальды-құқықтық әдіс Конституция мен конституциялық заңдарда бекітілген нормалардың мазмұнын, заңдық иерархиясын және өзара сабақтастығын айқындау үшін қолданылды. Салыстырмалы-құқықтық әдіс пропорционалды, бірмандатты және аралас сайлау модельдерінің саяси өкілдік деңгейіне ықпалын салыстырмалы тұрғыдан бағалауға мүмкіндік берді. Институционалдық талдау кандидаттарды ұсыну рәсімінен бастап сайланған депутаттардың кейінгі есептілігіне дейінгі үдерістерді өзара байланысты біртұтас құқықтық тетік ретінде қарастыруға бағытталды. Жүйелік тәсіл әзірленген ұсыныстарды оларды құқықтық іске асыру деңгейіне қарай үш топқа бөлуге негіз болды: Конституцияға өзгеріс енгізбестен жүзеге асырылатын шаралар, конституциялық заңдарға түзетулер енгізуді талап ететін ұсыныстар және конституциялық реформаны қажет ететін өзгерістер.

Зерттеу концептуалдық-құқықтық сипатқа ие және сайлау нәтижелеріне дербес статистикалық талдау жүргізуді көздемейді. Осыған байланысты зерттеу тұжырымдары нормативтік-құқықтық актілерді, ресми материалдарды және сайлау жүйелеріне арналған ғылыми еңбектерді кешенді талдау нәтижелеріне негізделді.

Нәтижелер және талқылау

Құрылтай депутаттарын сайлаудың нормативтік құрылымы

Қазақстан Республикасының Конституциясында Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде белгіленіп, оның құрамына 145 депутат кіретіні бекітілген [1]. Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды. Конституциялық нормаларда сайлаудың жалпыға бірдей, тең және төте сипаты, сондай-ақ жасырын дауыс беру қағидаты көзделген. Аталған ережелер Құрылтайдың ұйымдық-құқықтық құрылымын айқындаумен қатар, оның демократиялық легитимділігін қамтамасыз ететін негізгі конституциялық өлшемдерді қалыптастырады.

Арнайы конституциялық заң Құрылтай қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын және депутаттық мандаттың құқықтық мазмұнын нақтылайды [2]. Құрылтай депутаты бүкіл халықтың өкілі ретінде заң шығару, парламенттік бақылау және өкілдік функцияларды жүзеге асырады. Осы тұрғыдан алғанда, депутаттың партиялық тізім негізінде сайлануы оның жауапкершілігін тек партиялық құрылым шеңберімен шектемейді, керісінше, бүкіл қоғам алдындағы саяси-құқықтық жауаптылығын сақтайды. Сондықтан партиялық мандат пен еркін өкілдік қағидатының өзара үйлесуі Құрылтай қызметінің құқықтық біртұтастығын қамтамасыз ететін маңызды шарт болып табылады.

Сайлау туралы конституциялық заңға сәйкес Құрылтай депутаттарын сайлау біртұтас жалпыұлттық сайлау округі шеңберінде өткізіледі, ал кандидаттарды ұсыну саяси партиялардың партиялық тізімдері арқылы жүзеге асырылады [3]. Осыған байланысты қолданыстағы сайлау моделінің негізін жалпыұлттық пропорционалды өкілдік қағидаты құрайды. Аталған модель

саяси партиялардың сайлау процесіндегі негізгі субъект ретіндегі рөлін нығайтып, жалпыұлттық бағдарламалар арасындағы саяси бәсекені дамытуға және парламенттік фракциялардың тұрақты қызмет етуіне институционалдық алғышарттар қалыптастырады [11–13].

Нормативтік-құқықтық реттеудің маңызды ерекшелігі сайлау жүйесінің негізгі элементтерінің әртүрлі құқықтық деңгейлерде бекітілуінен көрінеді. Құрылтайдың бір палаталы мәртебесі, депутаттар саны және сайлаудың конституциялық қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалса, сайлау округін қалыптастыру, кандидаттарды ұсыну мен тіркеу, сайлау алдындағы үгітті жүргізу, дауыс беру және депутаттық мандаттарды бөлу тәртібі конституциялық заңдармен реттеледі [1–4]. Құқықтық нормалардың мұндай иерархиясы сайлау реформасының шектері мен іске асырылу деңгейін айқындайды. Атап айтқанда, рәсімдік тетіктерді заңнамалық деңгейде жетілдіруге мүмкіндік болғанымен, өкілдіктің жаңа нысандарын енгізу Конституцияда бекітілген қағидаттар мен институттардың мазмұнына сәйкес келуге тиіс.

Кесте 1 – Құрылтай депутаттарын сайлауды құқықтық реттеудің деңгейлері

Реттеу деңгейі	Негізгі құқықтық акт	Реттелетін мәселелер	Құқықтық маңызы
Конституциялық	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Құрылтайдың мәртебесі, 145 депутат, бес жылдық мерзім, сайлау құқығының негізгі қағидаттары	Өкілді органның базалық моделін және реформаның конституциялық шегін белгілейді
Арнайы конституциялық	Құрылтай және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заң	Құрылтайды ұйымдастыру, депутаттың мәртебесі, өкілеттіктері мен кепілдіктері	Сайлаудан кейінгі өкілдік қатынастардың мазмұнын нақтылайды
Сайлау-құқықтық	Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заң	Жалпыұлттық округ, партиялық тізімдер, тіркеу, үгіт, дауыс беру, мандаттарды бөлу	Конституциялық қағидаттарды нақты рәсімдерге айналдырады
Құқық қолдану	Президент пен Орталық сайлау комиссиясының актілері	Сайлауды тағайындау, күнтізбелік жоспар, құжаттар, тіркеу және ұйымдастыру шаралары	Сайлау нормаларының практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді
Ескертпе: Авторлармен [1–6] дереккөздер негізінде құрастырылған.			

Пропорционалды сайлау моделін конституциялық-құқықтық тұрғыдан бағалау

Пропорционалды сайлау моделінің басты артықшылығы сайлаушылардың партиялық таңдауын Құрылтайдағы депутаттық мандаттардың бөлінуімен барынша үйлестіруге мүмкіндік беруінен көрінеді. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округі саяси партияларға ел көлемінде ортақ бағдарлама ұсынуға және өңірлік мүдделер шеңберінен шығатын жалпыұлттық саяси күн тәртібін қалыптастыруға жағдай жасайды. Бір палаталы өкілді орган жағдайында аталған ерекшелік заң шығару қызметінің жүйелілігін қамтамасыз етіп, парламенттік фракциялардың саяси жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді [11–14]. Алайда бұл тұжырым пропорционалды модельдің барлық жағдайда сөзсіз басым екенін білдірмейді. Ғылыми әдебиетте оның өкілдік сапасына оң ықпалы партиялық тізімдердің түріне, кандидаттарды іріктеу тәртібіне және сайлаушылардың нақты кандидаттың сайлануына ықпал ету мүмкіндігіне қарай өзгеретіні көрсетілген [12, 15, 16].

Сонымен қатар пропорционалды сайлау жүйесінің құқықтық тиімділігі партиялық тізімдерді қалыптастыру тәртібінің ашықтығына тікелей байланысты. Кандидаттарды іріктеу өлшемдері, олардың тізімдегі орналасу реті және өңірлік өкілдік туралы мәліметтер жеткілікті деңгейде жария етілмеген жағдайда сайлаушылардың таңдауы нақты кандидаттарға емес, негізінен партиялық тиесілілікке бағытталады. Мұндай жағдай сайлау құқығының формальды теңдігі қағидатын бұзбағанымен, азаматтардың депутаттық құрамды қалыптастыруға мазмұндық ықпал ету мүмкіндігін шектейді. Жекелеген кандидаттарға преференциялық дауыс беру тетігін енгізу немесе ашық партиялық тізімдерге көшу аталған алшақтықты азайтуға

мүмкіндік береді. Алайда мұндай өзгерістер депутаттық мандаттарды бөлу тәртібін және партияшілік бәсекені құқықтық тұрғыдан қайта реттеуді талап етеді [14–16].

Екінші мәселе аумақтық өкілдікті қамтамасыз етуге байланысты. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округі жағдайында депутаттың белгілі бір облыс немесе қала тұрғындарынан тікелей алынған сайлау мандаты болмайды. Осыған байланысты өңірлік мүдделердің Құрылтай қызметінде көрініс табуы партиялық тізімдердің құрамына, сондай-ақ парламенттік фракциялардың сайлаудан кейінгі ұйымдастырушылық қызметіне тәуелді болады. Құрылтайдың бір палаталы өкілді орган ретіндегі мәртебесін ескере отырып, партиялық тізімдерде өңірлердің теңгерімді қамтылуы тек саяси мақсат емес, аумақтық өкілдікті қамтамасыз ететін конституциялық-құқықтық талап ретінде бағалануға тиіс.

Үшінші мәселе депутаттардың сайлаушылар алдындағы есептілігін қамтамасыз етуге қатысты. Конституциялық-құқықтық тұрғыдан депутат бүкіл халықтың өкілі болып саналғанымен, сайлаушылар оның заң шығару қызметіне қатысуын, дауыс беру нәтижелерін, парламенттік сауалдарын және өңірлермен өзара байланысын бағалауға мүмкіндік беретін жүйелі әрі салыстырмалы ақпаратпен қамтамасыз етілуіне тиіс. Мұндай ақпараттың жеткіліксіздігі жағдайында саяси жауапкершілік негізінен кезекті сайлау барысында партияның жалпы электоралдық нәтижесі арқылы ғана көрініс табады. Осыған байланысты депутаттық қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету сайлау жүйесінің қосалқы тетігі емес, оның тиімді жұмыс істеуінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

Төртінші мәселе партиялық жауапкершілік пен депутаттық дербестік арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз етуге байланысты. Фракциялық тәртіп партияның саяси бағдарламасын бірізді іске асыруға ықпал еткенімен, депутаттың қоғамдық маңызы бар мәселелерді дербес көтеру және өз ұстанымын білдіру мүмкіндігін шектемеуге тиіс. Аталған теңгерім Құрылтай регламентінде дауыс беру нәтижелерін жариялау, депутаттық бастамаларды ресми тіркеу және азшылық пікірін рәсімдеу тетіктерін құқықтық тұрғыдан бекіту арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін.

Пропорционалды және бірмандатты модельдер туралы ғылыми пікірталас

Пропорционалды және бірмандатты сайлау модельдерінің арақатынасы ғылыми әдебиетте өкілдіктің пропорционалдылығы мен депутаттың аумақтық жауапкершілігі арасындағы таңдау мәселесімен ғана шектелмейді. А. Лейпхарт пропорционалды сайлау жүйелерінің басты артықшылығын саяси күштердің нақты электоралдық қолдау деңгейін өкілді органның құрамында барынша дәл көрсету қабілетімен байланыстырады [13]. Бұл тұрғыдан пропорционалдық саяси инклюзивтілікті кеңейтіп, алынған дауыстар мен бөлінген мандаттар арасындағы сәйкессіздікті азайтады. П. Норрис, өз кезегінде, сайлау нәтижесін тек мандаттарды бөлу формуласымен түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Оның пікірінше, партиялық жүйенің сипаты, кандидаттарды ұсыну тәртібі және сайлаушыларға берілетін таңдау мүмкіндігі де елеулі рөл атқарады [12]. Осы тұрғыдан қарағанда, жабық партиялық тізімдер пропорционалды өкілдікті қамтамасыз еткенімен, сайлаушы мен нақты депутат арасындағы байланысты әлсіретуі ықтимал.

Бірмандатты өкілдіктің ғылыми негіздемесі, негізінен, депутаттың белгілі бір аумақпен тікелей байланыс орнатуы және сайлаушылар алдында жеке жауапкершілік атқаруы қажеттігіне сүйенеді. Дегенмен А. Рейнольдс, Б. Рейли және А. Эллис қандай да бір сайлау жүйесін барлық мемлекет үшін бірдей тиімді әмбебап модель ретінде қабылдауға болмайтынын көрсетеді [11]. Бірмандатты округтер аумақтық есептілікті күшейте алады, алайда олар дауыстар мен мандаттар арасындағы пропорционалдың төмендеуіне, сайлаушылар дауыстарының бір бөлігінің өкілдікке айналмай қалуына, сондай-ақ округ шекараларын белгілеуге байланысты тәуекелдердің туындауына әкелуі ықтимал. М. Шугарт пен М. Уоттенберг аралас сайлау жүйелерін партиялық пропорционалдық пен аумақтық өкілдікті бір институционалдық модель аясында ұштастыруға бағытталған тәсіл ретінде қарастырады [14]. М. Галлахер мен П. Митчелл де сайлау жүйесінің нақты нәтижелері оның атауына ғана емес, округ көлемі, сайлау шегі, партиялық тізімдердің түрі және мандаттарды бөлу тәртібі секілді институционалдық параметрлерге тәуелді екенін атап өтеді [15].

Осы ғылыми пікірталасты ескере отырып, пропорционалды және бірмандатты модельдердің бірін сөзсіз басым деп тану негізсіз деп есептейміз. Қазақстан Республикасы Құрылтайы-

ның қазіргі конституциялық құрылымы жағдайында, ең алдымен, қолданыстағы пропорционалды модель аясындағы ашықтық пен есептілік тетіктерін жетілдіру қажет. Партиялық тізімдерді қалыптастыру рәсімдерінің жариялылығын күшейту, олардың өңірлік құрамын ашып көрсету, депутаттардың нақты өңірлермен тұрақты жұмыс жүргізуін ұйымдастыру және әр депутаттың қызметі туралы ақпаратты жариялау пропорционалды өкілдіктің негізгі артықшылықтарын сақтай отырып, оның әлсіз тұстарын азайтуға мүмкіндік береді. Ашық немесе жартылай ашық партиялық тізімдер осы бағыттағы аралық институционалдық шешім ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірмандатты құрамдасты енгізу аумақтық есептілікті күшейтуге мүмкіндік бергенімен, мұндай өзгерісті тәуелсіз делимитация, округтер теңдігі, кандидаттар үшін тең мүмкіндіктер, сайлауды қаржыландырудың ашықтығы және тиімді сот бақылауы қамтамасыз етілетін ұзақ мерзімді конституциялық реформа аясында қарастырған жөн.

Бірмандатты құрамдасты енгізудің конституциялық-құқықтық шектері мен кепілдіктері

Ғылыми әдебиетте бірмандатты өкілдіктің басты артықшылығы депутаттың белгілі бір аумақпен тікелей электоралдық байланыс орнатуына және сайлаушылар алдындағы жеке есептілігін күшейтуге мүмкіндік беруімен түсіндіріледі [11, 14]. Алайда жоғарыда талданған ғылыми пікірталас мұндай модельдің демократиялық нәтижелері өздігінен қамтамасыз етілмейтінін аңғартады. Аумақтық өкілдіктің күшеюі дауыстар мен мандаттар арасындағы пропорционалдықтың төмендеуімен, сондай-ақ сайлау округтерін қалыптастырудан туындайтын қосымша құқықтық тәуекелдермен қатар жүруі мүмкін [11, 12, 15]. Қазақстанның бұрынғы парламенттік тәжірибесінде аралас сайлау жүйесінің қолданылуы бірмандатты құрамдастың ұлттық құқықтық жүйеге қағидатты түрде жат еместігін көрсетеді. Дегенмен жаңа Конституция мен 2026 ж. қабылданған сайлау заңнамасы Құрылтайдың жалпыұлттық пропорционалды өкілдік қағидаты бойынша қалыптастырылуын көздейді [1–4]. Осы себепті қазіргі құқықтық жағдайда бірмандатты мандаттарды енгізу сайлау заңнамасына жекелеген техникалық түзетулер енгізумен шектелмей, Құрылтайды қалыптастырудың конституциялық моделін қайта қарауды талап етеді.

Аталған тұжырым реформаларды оларды іске асыру үшін қажетті құқықтық реттеу деңгейіне қарай саралауға мүмкіндік береді. Депутаттардың өңірлермен жүйелі жұмыс жүргізу міндетін белгілеу, партиялық тізімдерді қалыптастыру рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, депутаттық есептер мен дауыс беру нәтижелерін жариялау Конституцияға өзгерістер енгізбей-ақ жүзеге асырылуы мүмкін. Ашық немесе жартылай ашық партиялық тізімдерге көшу сайлау туралы конституциялық заңға елеулі түзетулер енгізуді талап еткенімен, жалпыұлттық пропорционалды өкілдік қағидатын сақтауға мүмкіндік береді. Ал мандаттардың белгілі бір бөлігін аумақтық сайлау округтері бойынша бөлу Құрылтайды қалыптастырудың конституциялық моделін өзгертуді және соған сәйкес сайлау заңнамасын кешенді түрде қайта қарауды қажет етеді.

Болашақта бірмандатты компонентті енгізу мәселесі қарастырылған жағдайда, оның демократиялық нәтижелері өздігінен қамтамасыз етілмейтінін ескеру қажет. Венеция комиссиясы мен ЕҚЫҰ/ДИАҚБ құжаттарында сайлау округтеріндегі дауыс салмағының теңдігі, округ шекараларын бейтарап айқындау, кандидаттар үшін үгіт жүргізу мүмкіндіктерінің теңдігі және тиімді шағымдану тетіктерінің болуы негізгі кепілдіктер ретінде белгіленеді [7–10]. Осыған байланысты сайлау округтерін қалыптастыру тәуелсіз не бірнеше субъектінің қатысуына негізделген органның құзыретіне берілуі, ал демографиялық көрсеткіштер мен округ шекараларының жобалары алдын ала жариялануы тиіс. Сонымен қатар сайлаушылар саны бойынша жол берілетін ауытқу шегі, округ шекараларын қайта қарау мерзімдері және тиісті шешімдерге сот тәртібімен шағымдану рәсімі заңнамада нақты регламенттелуі қажет.

Кандидаттарды ұсыну және тіркеу рәсімдері де сайлау процесіне қатысушылардың теңдігі қағидатына сәйкес ұйымдастырылуға тиіс. Саяси партиялар ұсынған және өзін-өзі ұсынған кандидаттарға қойылатын талаптар айқын, алдын ала болжанатын әрі негізсіз әкімшілік кедергілер туғызбайтын сипатта болуы қажет. Сайлау қорларының шекті көлемі, қаржыландыру көздері, үгіт-насихат пен жарнамаға жұмсалатын шығыстар, сондай-ақ қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі барлық кандидаттарға ортақ бірыңғай стандарттар негізінде реттелуі тиіс. Мұндай кепілдіктер болмаған жағдайда бірмандатты сайлау моделі депутаттардың аумақтық жауапкершілігін арттырудың орнына қаржылық мүмкіндіктер мен жергілікті әкімшілік ресурстардың сайлау нәтижелеріне ықпалын күшейтуі ықтимал.

Аралас сайлау жүйесі енгізілген жағдайда партиялық тізімдер және аумақтық округтер бойынша сайланған депутаттардың құқықтық мәртебесінің теңдігі қамтамасыз етілуге тиіс. Олардың парламенттік комитеттердің жұмысына қатысуы, заң шығару бастамасын жүзеге асыруы, бақылау өкілеттіктерін орындауы және әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануы сайлану тәсіліне байланысты сараланбауы қажет. Депутаттар мәртебесінің мұндай бірізділігі бір палаталы Құрылтайдың институционалдық тұтастығын сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

Ғылыми-практикалық ұсынымдар

Теориялық тұжырымдар мен қолданбалы ұсыныстарды нақты ажырату үшін реформалау шаралары олардың құқықтық іске асырылу деңгейіне қарай жүйеленді. Бірінші топқа қолданыстағы конституциялық модельді өзгертпей, өкілдіктің тиімділігі мен депутаттық есептілікті арттыруға бағытталған шаралар енгізілді. Екінші топ сайлау және Құрылтай қызметін реттейтін конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап ететін ұсыныстарды қамтиды. Үшінші топ бірмандатты немесе аралас сайлау жүйесіне көшу жөнінде саяси-құқықтық шешім қабылданған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін конституциялық сипаттағы шаралардан тұрады.

Кесте 2 – Құрылтай депутаттарын сайлау тәртібі мен олардың есептілігін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар

Проблема	Ұсынылатын құқықтық шешім	Іске асыру деңгейі	Күтілетін нәтиже
Партиялық тізімдерді қалыптастырудың жабықтығы	Партиялардың кандидаттарды іріктеу өлшемдерін, дауыс беру рәсімін және тізімдегі реттілікті ресми интернет-ресурста жариялау міндетін бекіту	Саяси партиялар және сайлау туралы заңнама	Партияішілік демократия мен кандидаттарды іріктеудің ашықтығы артады
Өңірлік өкілдіктің айқын еместігі	Партиялық тізімнің өңірлік құрамын ашып көрсету; фракциялардың депутаттарды өңірлерге бекіту тәртібін Құрылтай регламентінде белгілеу	Конституциялық заң және регламент	Өңірлік мүдделердің тұрақты институционалдық арнасы қалыптасады
Депутаттық қызмет туралы ақпараттың шашыраңқылығы	Депутаттың жыл сайынғы есебі, қатысуы, дауыс беруі, сауалдары және азаматтар өтініштерінің нәтижелері қамтылатын бірыңғай ашық профиль енгізу	Құрылтай регламенті және цифрлық платформа	Жеке және фракциялық есептілік өлшенетін сипат алады
Сайлаушының нақты кандидатқа ықпалының шектеулілігі	Ашық немесе жартылай ашық тізімдердің құқықтық және техникалық моделін пилоттық талдау, мандат бөлу формуласын алдын ала жария талқылау	Сайлау туралы Конституциялық заң	Партиялық өкілдік сақталып, кандидаттың жеке жауаптылығы күшейеді
Бірмандатты компонентті ықтимал енгізу	Конституциялық өзгерістен кейін ғана: тәуелсіз делимитация, округтер теңдігі, өзін-өзі ұсыну, қаржыландыру ашықтығы және жедел сот бақылауын кешенді бекіту	Конституция және конституциялық заңдар	Аумақтық есептілік артады, ал әкімшілік және қаржылық тәуекелдер шектеледі
Ескертпе: Авторлармен [1–4; 7–10; 15; 16] деректері негізінде құрастырылған.			

Бірінші ұсыныс партиялық тізімдерді қалыптастырудың ең төменгі жариялылық стандарттарын заңнамалық деңгейде бекітуді көздейді. Осыған сәйкес саяси партиялар кандидаттарды іріктеу өлшемдерін, ішкі талқылау немесе дауыс беру тәртібін, сондай-ақ тізімнің өңірлік, кәсіби, гендерлік және жас ерекшеліктеріне қатысты құрамын тіркеу рәсіміне дейін жариялауға тиіс. Мұндай талап партиялардың кандидаттарды дербес іріктеу құқығын шектемей, олардың қызметінің ашықтығы мен қоғамдық жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші ұсыныс депутаттардың өңірлермен өзара байланысын Құрылтай регламентінде міндетті рәсім ретінде бекітуді көздейді. Осы мақсатта әрбір фракция депутаттарды облыстарға, республикалық маңызы бар қалаларға және астанаға бекітіп, олардың жыл сайынғы өңірлік сапарлар кестесін, қоғамдық қабылдаулардың нәтижелерін, сондай-ақ көтерілген мәселелер бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты жариялауға тиіс. Аталған тетік бірмандатты өкілдік институтын алмастырмайды, алайда жалпыұлттық сайлау округі жағдайында депутаттардың аумақтық есептілігін қамтамасыз етудің құқықтық негізін қалыптастырады.

Үшінші ұсыныс депутат қызметі туралы бірыңғай цифрлық профиль енгізуді көздейді. Аталған профильде депутаттың заң жобаларын әзірлеу мен талқылауға қатысуы, пленарлық және комитет отырыстарына қатысу көрсеткіштері, ашық дауыс беру нәтижелері, депутаттық сауалдары, өңірлердегі кездесулері және жыл сайынғы есептері жүйелі түрде орналастырылуға тиіс. Ақпаратты біріздендірілген форматта жариялау сайлаушылар мен зерттеушілерге депутаттық қызметтің нәтижелілігін салыстырмалы негізде бағалауға мүмкіндік береді.

Төртінші ұсыныс ашық немесе жартылай ашық партиялық тізімдерге көшу мүмкіндігін жекелеген құқықтық эксперимент ретінде емес, сайлау жүйесін кешенді реформалаудың құрамдас бөлігі ретінде қарастыруды көздейді. Осыған байланысты преференциялық дауыс берудің депутаттық мандаттарды бөлуге ықпалы, партиялық тізімдерге қолданылатын ең төменгі сайлау шегі, гендерлік және әлеуметтік квоталарды сақтау тетіктері, сайлау бюллетенінің нысаны, сондай-ақ дауыстарды санау алгоритмі алдын ала модельденіп, құқықтық және институционалдық тұрғыдан бағалануға тиіс.

Бесінші ұсыныс бірмандатты құрамдасты енгізу туралы шешімді конституциялық реформалардың кешенді пакеті шеңберінде қабылдауды көздейді. Сайлау округтерінің шекараларын тәуелсіз айқындау, дауыс теңдігі қағидатын сақтау, кандидаттарды ұсыну үшін тең құқықтық жағдай қалыптастыру, сайлау науқанын қаржыландыруды тиімді бақылау және сайлау дауларын қысқа мерзімде сот тәртібімен қарау кепілдіктері қамтамасыз етілуге тиіс. Аталған институционалдық және құқықтық алғышарттар қалыптастырылмайынша, бірмандатты модельді енгізу өкілдіктің сапасын өздігінен арттыруға кепілдік бермейді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Құрылтай депутаттарын сайлаудың қолданыстағы құқықтық моделі өзара сабақтас үш деңгейден қалыптасатынын көрсетті. Конституция Құрылтайдың конституциялық мәртебесі мен негізгі ұйымдастырушылық параметрлерін белгілейді, арнайы конституциялық заң депутаттық мандаттың мазмұны мен құқықтық шектерін айқындайды, ал сайлау туралы конституциялық заң партиялық тізімдер негізінде жүзеге асырылатын жалпыұлттық пропорционалды сайлау тәртібін нақтылайды. Аталған нормативтік құқықтық актілердің жүйелі өзара байланысы Құрылтайдың заңды әрі легитимді қалыптасуының құқықтық негізін қамтамасыз етеді.

Теориялық және салыстырмалы-құқықтық талдау пропорционалды және бірмандатты модельдердің бірде-бірін саяси өкілдік пен депутаттық есептілікті қамтамасыз ететін әмбебап тетік ретінде бағалауға болмайтынын көрсетті. Пропорционалды модель партиялық бағдарламалардың маңызын арттырып, сайлаушылар дауыстары мен мандаттардың арақатынасын сақтауға мүмкіндік береді. Алайда жабық партиялық тізімдер қолданылған жағдайда сайлаушылардың нақты кандидаттың сайлануына ықпал ету мүмкіндігі шектеліп, депутаттардың жеке есептілігі әлсіреуі ықтимал. Бірмандатты модель депутат пен белгілі бір аумақ арасындағы тікелей байланысты нығайтуға мүмкіндік бергенімен, пропорционалдықтың төмендеуі, округтерді делимитациялау, сондай-ақ әкімшілік және қаржылық ресурстардың ықпалы секілді тәуекелдермен ұштасады. Осыны ескере отырып, мақала авторлары қолданыстағы пропорционалды модельді бірден алмастырудан гөрі, бастапқы кезеңде партиялық тізімдерді қалыптастырудың ашықтығын арттыратын, өңірлік өкілдікті қамтамасыз ететін және депутаттардың жеке есептілігін күшейтетін құқықтық тетіктерді дамытуды орынды деп санайды.

Практикалық тұрғыдан партияшілік іріктеудің жария әрі біріздендірілген стандарттарын енгізу, партиялық тізімдердің өңірлік құрамын ашық көрсету, депутаттарды нақты өңірлерге

бекіту, сондай-ақ олардың жыл сайынғы есеп беруі мен бірыңғай цифрлық профилін жүргізуді міндеттеу ұсынылады. Аталған шаралар Конституцияға өзгерістер енгізбестен, Құрылтай мен азаматтар арасындағы институционалдық өзара байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ашық немесе жартылай ашық партиялық тізімдер жүйесіне көшу сайлау туралы конституциялық заңның нормаларын кешенді түрде қайта қарауды талап етеді.

Бірмандатты немесе аралас сайлау құрамдасын енгізу ұзақ мерзімді конституциялық реформаның бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Мұндай өзгеріс Құрылтайды қалыптастыру моделін қайта айқындаумен қатар, сайлау округтерінің теңдігі, олардың шекараларын тәуелсіз белгілеу, кандидаттар үшін тең құқықтық жағдай жасау, сайлау науқанын қаржыландырудың ашықтығы және тиімді сот бақылауын қамтамасыз ету сияқты институционалдық кепілдіктерді талап етеді. Аталған талаптар сақталмаған жағдайда бірмандатты өкілдік аумақтық есептілікті күшейтудің орнына әкімшілік ресурстар мен қаржылық мүмкіндіктер теңсіздігінің тереңдеуіне алып келуі ықтимал. Осылайша, жүргізілген ғылыми пікірталас пен салыстырмалы талдау Құрылтайдың сайлау жүйесін жетілдірудің басым бағыты сайлау моделінің атауын өзгертумен емес, пропорционалды өкілдік, сайлаушының нақты кандидатқа ықпал ету мүмкіндігі, өңірлік байланыс және депутаттық есептілік арасындағы құқықтық теңгерімді қамтамасыз етумен байланысты болуы тиіс деген қорытынды жасауға негіз береді.

Зерттеудің негізгі шектеуі оның тұжырымдамалық-құқықтық сипатымен айқындалады. Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы өткізіліп, оның кейінгі қызметіне қатысты жеткілікті эмпирикалық деректер жинақталғаннан кейін партиялық тізімдердің өңірлік құрылымын, депутаттардың сайлаушылар алдындағы есептілік тәжірибесін және азаматтардың нақты саяси өкілдік деңгейіне қанағаттануын бағалауға бағытталған қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000> (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

2 Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы: Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 297-VIII Конституциялық заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000297> (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

3 Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

4 Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына оларды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру, сайлау туралы заңнаманы және прокуратураны жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 11 маусымдағы № 305-VIII Конституциялық заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2600000305> (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

5 Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсы. URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/banners/index.php?ID=10194§ion=ukaz> (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

6 Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы. 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарының сайлауын ұйымдастыру жөніндегі ресми материалдар. URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/> (өтініш берілген күн: 28.07.2026)

7 European Commission for Democracy through Law (Venice Commission). Code of Good Practice in Electoral Matters: Guidelines and Explanatory Report, CDL-AD(2002)023rev2-cor. Strasbourg, 2002.

8 OSCE/ODIHR. Guidelines for Reviewing a Legal Framework for Elections. 2nd ed. Warsaw, 2013.

9 OSCE/ODIHR. Kazakhstan, Referendum, 15 March 2026: Needs Assessment Mission Report. Warsaw, 2026.

10 OSCE/ODIHR. Republic of Kazakhstan. Early Parliamentary Elections, 19 March 2023: Final Report. Warsaw, 2023.

11 Reynolds A., Reilly B., Ellis A. Electoral System Design: The New International IDEA Handbook. Stockholm: International IDEA, 2005.

- 12 Norris P. Electoral Engineering: Voting Rules and Political Behavior. Cambridge: Cambridge University Press, 2004.
- 13 Lijphart A. Patterns of Democracy: Government Forms and Performance in Thirty-Six Countries. 2nd ed. New Haven; London: Yale University Press, 2012.
- 14 Shugart M. S., Wattenberg M. P. Mixed-Member Electoral Systems: The Best of Both Worlds? Oxford: Oxford University Press, 2001.
- 15 Gallagher M., Mitchell P. The Politics of Electoral Systems. Oxford: Oxford University Press, 2005.
- 16 European Commission for Democracy through Law (Venice Commission). Report on Proportional Electoral Systems: The Allocation of Seats inside the Lists (Open/Closed Lists), CDL-AD(2015)001. Strasbourg, 2015.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy 2026 jylǵy 15 nauryzda respublikalyq referendumda qabyldanǵan. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000> (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ Qırıltaiy jáne onyñ deputattarynyñ mártebesi turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2026 jylǵy 5 mausymdaǵy № 297-VIII Konstitusialyq zany. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2600000297> (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 3 Qazaqstan Respublikasyndaǵy sailau turaly: Qazaqstan Respublikasynyñ 1995 jylǵy 28 qyrküiekteǵy № 2464 Konstitusialyq zany. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 4 Qazaqstan Respublikasynyñ keibir konstitusialyq zañdaryna olardy Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasyna säikes keltiru, sailau turaly zañnamany jáne prokuraturany jetildiru máseleleri boıynsha ózgerister men tolyqtyrular engizu turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2026 jylǵy 11 mausymdaǵy № 305-VIII Konstitusialyq zany. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2600000305> (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 5 Qazaqstan Respublikasy Qırıltaiynyñ sailauyn taǵaiyndau turaly. Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ Jarlyǵy // Qazaqstan Respublikasy Ortalyq sailau komisiyasynyñ resmi internet-resursy. URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/banners/index.php?ID=10194§ion=ukaz> (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 6 Qazaqstan Respublikasy Ortalyq sailau komisiyası. 2026 jylǵy 23 tamyzǵa taǵaiyndalǵan Qırıltai deputattarynyñ sailauyn üymdastyru jónindeǵı resmi materialdar. URL: <https://www.election.gov.kz/kaz/> (ötiniş berilgen kün: 28.07.2026) (In Kazakh)
- 7 European Commission for Democracy through Law (Venice Commission). Code of Good Practice in Electoral Matters: Guidelines and Explanatory Report, CDL-AD(2002)023rev2-cor. Strasbourg, 2002. (In English)
- 8 OSCE/ODIHR. Guidelines for Reviewing a Legal Framework for Elections. 2nd ed. Warsaw, 2013. (In English)
- 9 OSCE/ODIHR. Kazakhstan, Referendum, 15 March 2026: Needs Assessment Mission Report. Warsaw, 2026. (In English)
- 10 OSCE/ODIHR. Republic of Kazakhstan. Early Parliamentary Elections, 19 March 2023: Final Report. Warsaw, 2023. (In English)
- 11 Reynolds A., Reilly B., Ellis A. (2005) Electoral System Design: The New International IDEA Handbook. Stockholm: International IDEA. (In English)
- 12 Norris P. (2004) Electoral Engineering: Voting Rules and Political Behavior. Cambridge: Cambridge University Press. (In English)
- 13 Lijphart A. (2012) Patterns of Democracy: Government Forms and Performance in Thirty-Six Countries. 2nd ed. New Haven; London: Yale University Press. (In English)
- 14 Shugart M.S., Wattenberg M.P. (2001) Mixed-Member Electoral Systems: The Best of Both Worlds? Oxford: Oxford University Press. (In English)
- 15 Gallagher M., Mitchell P. (2005) The Politics of Electoral Systems. Oxford: Oxford University Press. (In English)
- 16 European Commission for Democracy through Law (Venice Commission). Report on Proportional Electoral Systems: The Allocation of Seats inside the Lists (Open/Closed Lists), CDL-AD(2015)001. Strasbourg, 2015. (In English)

ТОЛЕГЕНОВА Д.К.,*¹

докторант.

*e-mail: dinara.tolegenova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-8231-4026

АЖИНУРИНА Д.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: Dinara_1576@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5122-3689

ИБРАЕВ Ж.Г.,¹

PhD, ст. преподаватель.

e-mail: zhandosibrayev.law@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-5445-9069

АБДЕЛПРАХМАН К.С. ЯИШ,³

PhD, постдокторант.

e-mail: abdrhman.yaish92@gmail.com

ORCID ID: 0009-0003-2806-5666

¹Международный казахско-турецкий университет

им. Ходжи Ахмеда Ясави,

г. Туркестан, Казахстан

²Казахский национальный аграрный

исследовательский университет,

г. Алматы, Казахстан

³Стамбульский университет Медениет,

г. Стамбул, Турция

КОНСТИТУЦИОННАЯ И ПРАВОВАЯ ОСНОВА ВЫБОРОВ ЗАМЕСТИТЕЛЯ КУРУЛТАЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье анализируется правовая основа выборов депутатов Курултая Республики Казахстан, сформированного в результате конституционной реформы 2026 г. Цель исследования – определить взаимосвязь между Конституцией, Конституционным законом о статусе Курултая и его депутатов и избирательным законодательством, а также оценить влияние пропорциональной избирательной модели на политическое представительство и подотчетность депутатов. В исследовании использованы формально-правовые, сравнительно-правовые и институциональные методы. Обосновано, что 145 депутатов Курултая избираются по партийным спискам в рамках единого общенационального избирательного округа и что дополнение существующей модели одномандатным компонентом требует внесения поправок в Конституцию. Основные проблемы правового регулирования – недостаточная прозрачность процедур формирования партийных списков, ограниченное влияние избирателей на выбор конкретных кандидатов и слабое регулирование постоянных отношений депутатов с регионами. Рекомендуются обнародовать внутрипартийные процедуры отбора, обеспечить региональный баланс списков, законодательно закрепить ежегодную отчетность депутатов и внедрить цифровые механизмы обратной связи. Введение одномандатной системы рассматривается как долгосрочная конституционная реформа, которая может быть реализована при условии обеспечения равных избирательных округов, независимого определения границ, прозрачности финансирования и эффективного судебного надзора.

Ключевые слова: Курултай, депутат, избирательная система, одномандатный округ, партийный список, пропорциональное представительство, парламентская реформа.

TOLEGENOVA D.K.,*¹

PhD student.

*e-mail: dinara.tolegenova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-8231-4026

AZHINURINA D.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: Dinara_1576@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-5122-3689

IBRAYEV Zh.G.,¹

PhD, senior lecturer.

e-mail: zhandosibrayev.law@gmail.com

ORCID ID: 0000-0001-5445-9069

ABDELRAHMAN Q.S. YAEESH,³

PhD, postdoctoral researcher.

e-mail: abdrhman.yaish92@gmail.com

ORCID ID: 0009-0003-2806-5666

¹Khoja Akhmet Yassawi International

Kazakh-Turkish University,

Turkestan, Kazakhstan

²Kazakh National Agrarian Research University,

Almaty, Kazakhstan

³Istanbul Medeniyet University,

Istanbul, Turkiye

CONSTITUTIONAL AND LEGAL BASIS FOR THE ELECTION OF THE DEPUTY KURULTAI OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article analyzes the legal framework for the elections of deputies to the Kurultai of the Republic of Kazakhstan, formed as a result of the 2026 constitutional reform. The purpose of the study is to determine the relationship between the Constitution, the Constitutional Law on the Status of the Kurultai and its Deputies, and electoral legislation, as well as to assess the impact of the proportional electoral model on the political representation and accountability of deputies. The study utilizes formal legal, comparative legal, and institutional methods. It is substantiated that 145 Kurultai deputies are elected from party lists within a single national electoral district, and that supplementing the existing model with a single-mandate component requires constitutional amendments. The main problems with legal regulation include insufficient transparency in the procedures for forming party lists, limited voter influence on the selection of specific candidates, and weak regulation of the ongoing relations between deputies and the regions. It is recommended to publicize internal party selection procedures, ensure regional balance among party lists, legally enshrine annual reporting by deputies, and implement digital feedback mechanisms. The introduction of a single-mandate system is viewed as a long-term constitutional reform that can be implemented provided it ensures equal electoral districts, independent delimitation of boundaries, transparent funding, and effective judicial oversight.

Keywords: Kurultai, deputy, electoral system, single-mandate constituency, party list, proportional representation, parliamentary reform.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.07.2026